



Құжат авторы: **Нормативтік-құқықтық сәйкестік
жөніндегі кеңесші**

Құжат атауы: **Парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа
және ақшаны жылыстатуға қарсы
іс-қимыл бойынша нұсқаулық**

Құжат №: **КРО-AL-LEG-MAN-00001-K**

Бұл электрондық көшірме КПО интранет порталынан көрсетілгеннен кейін ресми құжат болып есептеледі.

Қысқа шолу

Осы парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға тыйым салатын заңдарды сақтау бойынша Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. (КПО) компаниясының талаптарын белгілейді. Сондай-ақ, қосымша ақпарат алу үшін онда сілтемелер бар.

КПО Заң директоры осы Нұсқаулықтың иесі болып табылады. Нормативтік – құқықтық сәйкестік жөніндегі кеңесші осы Нұсқаулық талаптарының ерекше жағдайларын мақұлдауға өкілетті. Ерекше жағдайларға сұратым және оларды мақұлдау немесе қабылдамау осы келісімді сұратып жатқан қызметкерлермен тіркеу жазбасы ретінде рәсімделуі тиіс.

Осы Нұсқаулықтың ресми нұсқасы мен оның қосымша материалдары КПО-ның интранет порталына жүктелген.

Аталмыш Нұсқаулық шектелген пайдалану ақпарат санатына жатады. КПО компаниясынан тыс тараптарға құжатты толық немесе ішінара беру үшін құжат иесінен алдын ала келісім алу қажет.

Бұл Нұсқаулық парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заң талаптарын сақтау бойынша КПО компаниясының міндеттемелері баяндалған КПО-ның бизнес қағидаларына және КПО тәртіп кодексіне негізделген.

Нормативтік талаптарды сақтауға ең бастысы КПО бас директоры, КПО директорлары және басқарушылары міндетті, олар қызметкерлердің осы Нұсқаулық талаптарын сақтау бойынша өз жауапкершіліктерін түсінетінін қамтамасыз етуі тиіс.

Осы Нұсқаулыққа қатысты қандай да бір сұрақтарыңыз бойынша нормативтік-құқықтық сәйкестік бөліміне хабарласыңыз.

Кез келген аударылған нұсқа мен ағылшын тіліндегі нұсқа арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, ағылшын тілінде жазылған мәтін басым күшке ие.

Мазмұны

БАСЫЛЫМДАРДЫ ТІРКЕУ	ERROR! BOOKMARK NOT DEFINED.
ҚҰЖАТТЫ РАСТАУ	ERROR! BOOKMARK NOT DEFINED.
RACIE ЖАЗБАСЫ	ERROR! BOOKMARK NOT DEFINED.
ҚЫСҚА ШОЛУ	2
АНЫҚТАМАЛАР/ҚЫСҚАРТУЛАР	4
1. КІРІСПЕ	9
2. КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАҚТАУ	10
3. СЫЙЛЫҚТАР МЕН ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІН ҰСЫНУ НЕМЕСЕ АЛУ	12
4. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ (МҚ)	16
5. РЕСМИЛІКТІ ЖЕҢІЛДЕТУГЕ АРНАЛҒАН ТӨЛЕМДЕР	17
6. ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ	17
7. САЯСИ ТӨЛЕМДЕР ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІРЛЕСТІКТЕР	18
8. ОҚИҒАЛАРДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ТУЫНДАҒАН МӘСЕЛЕНІ ХАБАРЛАУ	19
9. ОҚЫТУ	19
10. НЕГІЗГІ РӨЛДЕР МЕН МІНДЕТТЕР	20

Анықтамалар/Қысқартулар

Үлестес тұлғалар	Жеке немесе заңды тұлғалар: (а) персонал қатарынан кандидат немесе қызметкер қабылдайтын шешімдерге тікелей және (немесе) жанама ықпал ету мүмкіндігі бар не (б) шешімдеріне персонал қатарынан кандидат немесе қызметкер тікелей және (немесе) жанама ықпал ету мүмкіндігіне ие – оның ішінде: - Кандидаттың немесе қызметкерлер қатарындағы қызметкердің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары; - жарғылық капиталға қатысу үлестерін (акцияларын) тікелей және (немесе) жанама түрде персонал қатарындағы кандидат немесе қызметкер немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары иеленетін заңды тұлға; - лауазымды адамы кандидат немесе персонал қатарындағы қызметкер немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары болып табылатын заңды тұлға.
Парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл ережелері	Келісімшартқа енгізілуі тиіс парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа немесе ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша қауіп-қатерлерді қамтитын нақты ережелер. Нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімі осы ережелер бойынша кеңес береді.
Нормативтік-құқықтық сәйкестік бұзылған жағдайларды тексеру секциясы	Тәртіп кодексін бұзу, сондай-ақ Жедел желісі (үшінші тарап жеткізушісімен басқарылатын) арқылы келіп түсетін оқиғалар бойынша есеп беруге жауапты Заң директоры нормативтік – құқықтық сәйкестік бөлімінің арнайы бөлімшесі. Бұл бөлімше нормативтік – құқықтық сәйкестік бөлімімен бірге парақорлық және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заң талаптарының бұзылуы туралы мәлімдемелерді тексереді.
Тәртіп кодексі	КПО-ның тәртіп кодексі КПО интранетіне және www.kpo.kz вебсайтына жүктелген.
Мүдделер қақтығысы және сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілер тізілімдері	Мүдделер қақтығысын және сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін және кәсіптік бірлестік іс-шараларына қатысуын тіркеу үшін арналған КПО-ның міндетті құралы. Екі тізілім де КПО интранет порталына жүктелген.
Мүдделер қақтығысы (МК)	Кандидаттың немесе персонал қатарындағы қызметкердің қызметтік міндеттерін орындауының және (немесе) КПО-да шешім қабылдауының әділдігіне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін факторлары болған жағдай. Мұндай факторлардың мысалдары аталмыш қызметкерлерде төмендегілердің болуы: Үлестес тұлғалар: (а) мердігерлер, жеткізушілер, бәсекелестер, КПО бизнес-серіктестері немесе осындай болуға ұмтылатын

	компаниялар болып табылатын персонал және (немесе) (б) ұйымдар қатарындағы қызметкерлер; - МЛТ-ға байланысты адамның мәртебесі; - басқа факторлар. Мүдделер қақтығысының басқа мысалдары мен қосымша нұсқаулар нормативтік – құқықтық сәйкестік бөлімінің интранет парақшасына жүктелген.
Мердігер ұйымдар және/немесе жеткізушілер	КПО компаниясы үшін тауарларды жеткізу және/немесе қызметтерді көрсету үшін заңды шарт жасасқан жеке тұлға немесе фирма үшін ортақ термин.
Контрагент	КПО-мен жасалған шарттағы үшінші тарап.
Қайырымдылық	Қайырымдылық қорларға арналған жарналар, яғни гранттар, дербес жәрдем немесе коммерциялық емес ұйымға арналған ақшалай, тауарлар немесе қызметтер ретінде қайырымдылық көрсету.
ӨБТК	1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнының мердігерлік учаскесі бойынша Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім
Ресмилікті жеңілдету үшін берілетін төлем	МЛТ (көбіне төменгі шендегі), оның әдеттегі әкімшілік міндеттерінің орындалуын тездету немесе кепілдік ету үшін берілетін азғантай төлем, алайда ол ресми түрде төленетін мөлшерден артық болып келеді. КПО ресмилікті жеңілдету үшін төлемдер жасауға тыйым салады және Ұлыбританияның парақорлық туралы заңы мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мұндай төлемдер заңсыз. Үкіметпен жарияланған тарифтер бойынша мемлекетпен басқарылатын шотқа төлеп, соған ресми түбіртек берілетін әдеттегі мемлекеттік қызметтерді шұғыл ресімдеу ресмилікті жеңілдету үшін берілген төлемақы болып саналмайды.
Сыйлықтар және қонақжайлық белгілері	Оған үшінші тараптармен ұйымдастырылған сыйлықтар, жол жүру және тұрғын жайларды төлеу, сапарлар, қызметтер, ойын – сауық шаралар, жүлделер немесе лотереялар жүлделері, және КПО іскерлік қызметімен байланысты кез келген тұлғадан алынған немесе оған ұсынылған басқа да кез келген тегін тауар, шаралар, пайда немесе бағалы заттар кіреді (бірақ олармен шектелмейді).
Мемлекеттік делдал (МД)	Үкіметпен тағайындалған, бірақ КПО компаниясымен жалданған делдалды қоса алғанда, КПО қызметімен байланысты мемлекеттік лауазымды тұлғамен тікелей немесе жанама қатынасы бар КПО компаниясымен жұмылдырылған кез келген тұлға, компания, фирма немесе бірлескен кәсіпорын. Мемлекеттік делдалға келесілер жатады: (бірақ төмендегілермен шектелмейді): - Өңдеу жөніндегі агенттер: экспедиторлар, кеден агенттері, курьерлер, виза рәсімдеушілер немесе соған ұқсас қызметтерді көрсететін тұлғалар; - Коммерциялық агенттер: кеңес берушілер, сауда агенттері немесе мемлекеттік келісімшарт, концессиялар, рұқсат қағаздар немесе

	мемлекетпен берілген басқа да құқықтарды алуға көмектесетін бірлескен кәсіпорындар немесе бірлескен кәсіпорындар серіктестері; Кәсіби агенттер: заңгерлер, есепшілер, лоббисттер немесе КПО атынан мемлекеттік істерде шығатын (соның ішінде мемлекеттік мекемелерге құжаттарды тапсыру) немесе заңнамаға өзгерістерді мүдделілік қолдау үшін кәсіби негізде жалданған басқа да тұлғалар. (Үкімет те, мемлекеттік лауазымды тұлға да сот ісінің тараптары болмайтын шартпен, жеке сот процестерінде КПО мүддесіне өкілдік ететін адвокаттар осы Нұсқаулық аясында мемлекеттік делдал болып саналмайды). Іс жүзінде кейбір келісімшарттар мемлекеттік делдалдың тағайындалуын қамту мүмкін, мысалы, бұрғылау келісімшарттары, нысандардың толықтай құрылысына жасақталған келісімшарттар, жобалау, сатып алу мен құрылыс (ЕРС) келісімшарттары, сондай-ақ Халықаралық сауда палатасымен жарияланған Халықаралық коммерциялық терминдер түсіндермелері ережелеріне сәйкес (Инкотермс) баж салығы (DDP) төленген тауарлар немесе материалдарды жеткізу келісімшарттары. Келісімшартыңызда мемлекеттік делдалдың тағайындалуына байланысты күмәніңіз болған жағдайда заңгерлік кеңес алыңыз.
Мемлекеттік лауазымды тұлға (МЛТ)	- Кез келген үкіметтің, мемлекеттік басқару органының, министрліктің немесе үкімет ведомствосының (кез келген деңгейдегі) лауазымды тұлғасы немесе қызметкері; - Шені немесе лауазымына қарамастан Үкіметтің ресми өкілі ретінде әрекет ететін кез келген тұлға; - Үкіметтің толық немесе ішінара меншігіндегі компанияның лауазымды тұлғасы немесе қызметкері (мысалы, мемлекеттік мұнай компаниясы), осындай компаниялардан КПО-ға іссапармен жіберілген қызметкерлерді қоспағанда; - Саяси партияның кез келген лауазымды тұлғасы; - Саяси лауазымға үміткер; - Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе Дүниежүзілік Банк сияқты халықаралық қоғамдық ұйымдардың лауазымды тұлғасы немесе қызметкері; Ескерту: Лауазымды тұлғаларға Сенаттың, Мәжілістің немесе Маслихаттың мүшелері, әкімдер және мемлекеттік органдар мен әкімшілік бөлімдерінің қызметкерлері, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтардың өкілдері жатады. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе басқа да жергілікті заңнамаға сәйкес мемлекеттік лауазымды тұлға деп танылмаған адам КПО саясаттары мен процедураларына сәйкес мемлекеттік лауазымды тұлға ретінде қарастырылуы мүмкін (мысалы, өкілетті органның техникалық тобы және PSA мүшелері).
МЛТ-мен байланысы бар тұлға	Төменде көрсетілгеннің біреуі болып табылатын персонал қатарындағы үміткер немесе қызметкер болып келетін тұлға не оның үлестес тұлғасы: - МЛТ (немесе соңғы үш жыл ішінде МЛТ болды); - қазіргі уақытта немесе бұрын (соңғы үш жыл ішінде) МЛТ іскери серіктесі болды.

	МЛТ КПО-да жұмысқа орналасуға ұсынылған үміткер МЛТ-ға байланысты тұлға болып табылады.
Ең жақын отбасы мүшелері	Ата-ана (ата-ананың біреуі), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері.
Этикалық сәйкестікке тексеру	КПО компаниясына контрагент жағынан негізгі қауіп-қатерлерді нақты анықтауға мүмкіндік беретін, жаңа іскерлік серіктестерді қабылдау үшін жүргізілетін контрагентті этикалық сәйкестікке тексеруі. Оған адалдылықты және басқа да элементтерді тексеру кіреді.
Адалдылықты тексеру	Санкциялық тізімдер, нұқсан келтіретін материалдар, жаңалықтар легі және т.б. қамтитын жалпыға қолжетімді деректер базасы мен іскерлік ақпарат деректер базасын пайдаланып, бірқатар тексерулер жүргізу арқылы үшінші тараптың адалдығына төнетін қауіп-қатердің бар-жоғын анықтау.
Өкілеттік бойынша нұсқаулық	Басшылық өкілеттігіне сәйкес транзакциялардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қауіп-қатерлерді бағалауға негізделген ішкі бақылау жүйесін сақтап тұру үшін КПО-ға қолдау көрсететін құжатпен ресімделген негізгі берілген өкілеттік. Өкілеттік бойынша нұсқаулық КПО-ның интранет сайтына жүктелген.
Тәуліктік ақы	Жеке тұлғаға жұмысына байланысты тұрғын және жол шығындарын өтеу үшін күнделікті шығындарға берілетін белгілі бір ақша сомасы (яғни, тәуліктік ақы) Ескерту: бұл ұйғарым Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген «тәуліктік ақы» терминін алмастырмайды және тек осы нұсқаулықтың мақсаттары үшін пайдаланылады.
Саяси төлемдер	• Кез келген саяси науқанға, саяси партияға, саяси үміткерге немесе олармен байланысты кез келген ұйымдарға салынатын жарна. • Саяси мүдделік қолдауға қатысты шығындар • Саяси қызметпен және/немесе саяси мақсаттарды төлемдермен айналысатын салалық қауымдастықтың мүшелігіне байланысты шығындар • Жоғарыда аталғандардың кез келгеніне теңестірілген қандайда бір жарна
Тіркеу жазбасы	Шаруашылық қызметтің нәтижесінде жасалған немесе алынған, немесе заңды, салықтық, реттеу немесе есептеу мақсаттарына қажетті, КПО-ның шаруашылық қызметі немесе корпоративтік жадысы үшін маңызды ақпараттың түрі. Тіркеу жазбасы қағаз ретінде, материалдық заттар ретінде, суреттер ретінде болуы мүмкін немесе электронды немесе аудио форматта сақталуы мүмкін.
«Қызыл жалауша» (парақорлық, сыбайлас жемқорлық, ақшаны жылыстату, және сауда	Парақорлықтың, сыбайлас жемқорлықтың және/немесе ақшаны жылыстатудың немесе сауда қызметін бақылаудың жоғарырақ ықтимал қауіп-қатер деңгейін көрсететін және кейінгі тергеуді талап етуі мүмкін анық және жасырын түрлі көрсеткіштер мен белгілерді білдіретін термин. (Ескерту: қызыл жалаушалар қауіп-қатерлер санатынан өзгеше). Парақорлық, сыбайлас жемқорлық және ақшаны жылыстату мәселелері бойынша кейбір қызыл жалаушалар тізімі

Қызметін бақылау	(сатылымнан кейін қызыл жалаушаларды берумен қоса) этикалық сәйкестікке тексеру процедурасында берілген.
Іссапарға жіберілген қызметкер	Бірлескен кәсіпорын немесе басқа ұйым бойынша серіктес ұйымына іссапарға жіберілген қызметкерлер.
КПО бизнес қағидалары	КПО өз шаруашылық қызметін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын негізгі құндылықтарды, міндеттерді және тәртіп қағидалары мен модельдерді сипаттайды. КПО бизнес қағидалары КПО интранет порталына жүктелген.
Әлеуметтік инвестициялар	Қабылдап жатқан қоғамға және/немесе қоршаған ортаға, сондай-ақ КПО-ға ұзақ мерзімді пайда әкелу мақсатында қабылдап жатқан қоғамға білікті мамандар және/немесе ресурстар ретіндегі салым. Әлеуметтік инвестициялар қызметі жергілікті тұрғындардың біліктіліктерін арттырудан бастап білім беру, денсаулық сақтау немесе табиғатты қорғау салаларындағы ұлттық бағдарламаларды қолдауға дейін түрлену мүмкін. Әлеуметтік инвестициялар ерікті немесе шарт бойынша қабылдап жатқан мемлекет Үкіметімен талап етілуі мүмкін (мысалы, ӨБТК аясындағы әлеуметтік & инфрақұрылымдық жобалар).
Демеушілік	Жарнамалау мүмкіндіктеріне айырбас ретінде КПО қандай да бір компанияға, қауымдастыққа немесе басқа да мекемеге қаржыландыруды ұсынатын, КПО беделін көтеру үшін қолданылатын жарнама түрі.
Қызметкерлер	КПО-ның барлық қызметкерлері, келісімшарттар арқылы жасайтын қызметкерлер (сыртқы компания/кадрлық агенттікпен жалданып, жалақысы төленетін, КПО-мен тікелей шарттық қатынасы жоқ, КПО-ның тұрақты бақылауында қызмет көрсететін қызметкерлер) және іссапарға жіберілген қызметкерлер.
Үшінші тарап	Осы Нұсқаулық аясында бұл Нұсқаулықтың міндетті талаптарында белгіленген барлық контрагенттер үшінші тарап болып есептеледі.
Кәсіптік бірлестік	Атауына қарамастан, бәсекелестерді біріктіретін, және негізгі мақсаты бәсекелестердің келесі бір немесе бірнеше коммерциялық немесе іскерлік шараға қатысуы болатын кез келген ұйым: • Коммерциялық қызмет саласындағы озық салалық тәжірибемен бөлісу; • Салалық немесе бірлескен коммерциялық шарттарды жетілдіру; • Нарықтық деректерді жинау; • Сала бойынша салыстырмалы талдау жасау; немесе • Сала мүдделерін қорғау бойынша бірлескен жұмыс. Мұндай органдарды «салалық дөңгелек үстел» немесе «салалық жұмыс тобы» деп те атауға болады.

1. КІРІСПЕ

Нұсқаулықтың мазмұны

Парақорлық пен сыбайлас жемқорлық, және ақшаны жылыстату – іскерлік этика мен нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша екі түрлі, бірақ өзара байланысты мәселелер. Жеке-жеке олар әртүрлі нормативтік құқықтық актілерге бағынады, алайда, жүйелі түрде басқаруды қажет ететін көптеген ортақ қауіп-қатерлер аймағы бар. Осы Нұсқаулық қауіп-қатер аймағының екеуіне де қатысты талаптарды сипаттайды.

КПО компаниясы парақорлық, сыбайлас жемқорлық және ақшаны жылыстатуға тыйым салатын ұлттық және халықаралық заңдарға бағынады. КПО - 1997 жылғы 18 қарашасындағы Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орны мердігерлік аймағы бойынша Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге сәйкес оператор агенті ретінде қызмет атқаратын Нидерландта тіркелген компания. «Шелл» және «Эни» компаниялары бірлескен операторлар. «Шелл» компаниясының бас құрушы компаниясы «Роял Датч Шелл» Ұлыбритания компаниясы болғандықтан, оның бағалы қағаздары АҚШ пен Ұлыбританияда саудаланатын болғандықтан, «Шелл» компаниясы мен «Шелл» бақылайтын бірлескен кәсіпорындар халықаралық деңгейде күші бар АҚШ-тың шетелдегі сыбайлас жемқорлық туралы заң талаптарын және 2010 жылғы Ұлыбританияның Парақорлық туралы заңын, сондай-ақ «Шелл» компаниясы қызмет атқаратын елдердегі парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заң талаптарын сақтауы қажет. Сол сияқты, «Эни» – италияндық компания, оның бағалы қағаздары АҚШ-та саудаланады, «Эни» компаниясы және «Эни» компаниясымен басқарылатын бірлескен кәсіпорындар халықаралық деңгейде күші бар АҚШ-тың шетелдегі сыбайлас жемқорлық туралы заң талаптарын және 2010 жылғы Ұлыбританияның Парақорлық туралы заңын, сонымен бірге «Эни» қызмет атқаратын елдердегі парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заң талаптарын сақтауы қажет.

Істің нәтижесіне әсер ету үшін жасалған төлем, сыйлық, қызмет немесе артықшылық ұсынылған, іске асырылған, сұратылған немесе қабылданған кезде парақорлық орын алады. Парақорлық үшін айыпталған адамдарға түрмеге қамаумен қоса, қатаң жаза берілуі мүмкін. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлық мемлекеттік қызметкерлермен, компаниялармен немесе жеке тұлғалармен байланысты болуы мүмкін және бұл тікелей немесе жанама түрде үшінші тараптар (бірлескен кәсіпорындар немесе олардың қатысушылары) арқылы орын алуы мүмкін.

КПО ресмилікті жеңілдету үшін берілген төлемақыларды қоса алғанда, қандай да бір пара беруге тыйым салады.

Ақшаны жылыстату – заңды іскерлік қызмет шеңберінде ақшаның қылмыстық жолмен табылғанын немесе қылмыстық әрекеттен түскен кіріс болып табылатын мүлікті жасыру процесін сипаттайтын термин. Сонымен қатар, бұл термин лаңкестікті қолдау үшін заңды жолмен табылған қаражаттың пайдалану процесін сипаттайды. Ақша жылыстату табыс әкелетін кез келген қылмыстың нәтижесі болуы мүмкін.

Бұл кімге қатысты қолданылуы мүмкін?

Бұл Нұсқаулықты КПО компаниясына іссапармен келген, КПО-да тікелей келісімшарт арқылы, кадрлық агенттіктер арқылы жұмыс жасайтын мердігер ұйымдарының қызметкерлерін қоса алғанда, КПО-ның барлық қызметкерлері сақтауға міндетті.

КПО бас директоры, директорлар және басқарушылар келесілерді қамтамасыз етуі тиіс:

- Қызметкерлер осы Нұсқаулықтың талаптарын орындау арқылы қолданыстағы парақорлық, сыбайлас жемқорлық және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заң талаптарын сақтау бойынша өз жауапкершіліктерін түсінеді;

- Қызметкерлер осы Нұсқаулық талаптарына қатысты кез келген күдік, мәлімдеме немесе бұзушылықтар (КПО қызметкерлерімен немесе кез келген үшінші тараппен орын алған) туралы КПО-ның жедел желісі арқылы хабарлауды біледі.
- Қызметкерлер парақорлық, сыбайлас жемқорлық немесе ақшаны жылыстату бойынша күдікті елемеу салдарынан КПО және жеке тұлғалар жауапкершілікке тартылуы мүмкін екенін түсінеді; және,
- Осы Нұсқаулыққа сәйкес техникалық тұрғыдан рұқсат етілсе де, егер қандай да бір істің пайдақорлықпен жүргізіліп жатқанына қандай да бір негіз болса, бұл туралы хабарлау керек (3-бөлімді қараңыз), және бұл істі жалғастырмас бұрын алдымен Заң директорымен және/немесе нормативтік – құқықтық сәйкестік жөніндегі басқарушы кеңесшімен кеңесіп алу қажет.

Қолданыстағы заңдар, КПО-ның бизнес қағидалары, тәртіп кодексі немесе осы Нұсқаулық талаптарына сәйкес жұмыс жасаудан бас тарту жұмыстан шығару немесе келісімшартты бұзуға дейін тәртіптік жазаға апаруы мүмкін. Осы Нұсқаулықта парақорлық, сыбайлас жемқорлық немесе ақша жылыстату бойынша күдіктерді хабарлау тәсілдері мәлімделген. Мұндай күдіктер туралы ақпаратты жасыру жеке тұлғаны да, КПО-ны да қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкін. Жеке тұлға ешбір жағдайда қандай да бір күдік туралы субъектіге хабарлап, өздігінен тергеу жұмыстарын жүргізбеуі тиіс.

2. КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАҚТАУ

2.1 Этикалық сәйкестікке тексеру

Келісімшарт немесе кез келген міндетті күші бар келісім жасақтау алдында контрагенттің адалдығы этикалық сәйкестікке және соған байланысты кез келген сұрақтарды, мәселелерді немесе «қызыл жалаушаларды» жоюмен тексеріледі. Парақорлық, сыбайлас жемқорлық пен ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша «қызыл жалаушаларға» қатысты кейінгі нұсқауларды этикалық сәйкестікке тексеру процедурасының қосымшасынан табуға болады.

Этикалық сәйкестікке тексеру болжалған қарым-қатынас түріне (мысалы, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ, қаржы, заң, өндірістік және коммерциялық бөлімдер қызметтерін бағалау) байланысты қажет болған жағдайда немесе орынды деп саналатын ауқымды және жан-жақты бағалау қажеттілігін алмастырмайды. Этикалық сәйкестікке тексеру екі кезеңнен тұрады: адалдықты тексеру және кеңейтілген этикалық бағалау.

Этикалық сәйкестікке тексеру процедурасында кешенді тексеру тәртібі сипатталған.

1. Парақорлық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға немесе ақшаны жылыстатумен байланысты емес басқа да адалдық мәселелеріне қатысты «қызыл жалаушалар» анықталған жағдайда, келісімшарт жасақталғанға дейін немесе келісімшарт мерзімінің кез келген уақытында нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімімен кеңесу қажет.
2. Келісімшарт жасақталғанға дейін немесе оның мерзімінің кез келген уақытында ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимылға қатысты «қызыл жалаушалар» анықталған жағдайда, бұл мәселені КПО компаниясының тиісті директорына, жеткізілімдерді ұйымдастыру жөніндегі директорға және заң директорына/нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөліміне хабарлау қажет.
3. КПО тауарлар немесе қызметтер алатын барлық келісімшарттары парақорлық, сыбайлас жемқорлық және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимылға қатысты тиісті ережелерді қамтуы тиіс, ал КПО төлемдер алатын келісімшарттар ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимылға қатысты тиісті ережелерді қамтуы тиіс. Нормативтік – құқықтық

сәйкестік бөлімі парақорлық, сыбайлас жемқорлық және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимылға қатысты типтік ережелер бойынша кеңес береді және осындай типтік ережелерден ауытқуларды бекітеді.

4. Барлық этикалық сәйкестікке тексеру құжаттары және кез келген кейінгі әрекеттер тіркеу жазбасы ретінде сақталуы тиіс.

Келесі бөлімдерде әртүрлі контрагенттер үшін қауіп-қатерлерді бағалауға негізделген талаптар айқындалған.

2.2 Мердігерлермен немесе жеткізушілермен және мемлекеттік делдалдармен келісімшарт жасау

А. Мемлекеттік делдалдармен, мердігер ұйымдармен немесе жеткізушілермен келісімшарт жасау кезінде этикалық сәйкестікке тексеру талаптары қауіп-қатерлерді бағалауға негізделген.

1 кезең. Егер келісімшарт құны немесе тауарларды жеткізуге тапсырыс құны 100 000 АҚШ долларынан төмен болса **адалдықты тексеру** қажет.

Әр мердігер үшін адалдықты тексеруді соңғы тексеру күнінен кемінде жылына бір рет жүргізу қажет.

2 кезең. Кеңейтілген этикалық сәйкестікке бағалау келесі жағдайларда жүргізу қажет:

- Егер келісімшарт құны немесе тауарлар мен қызметтерді жеткізу тапсырыс құны 100 000 АҚШ долларынан астам болғанда;
- Мемлекеттік делдалмен жасалатын кез келген келісімшарт;
- Нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімінің қажеттілігіне қарай және шешімі бойынша КПО-ның қосымша бағалауды жүргізу қажеттілігі туындағанда;
- Барлық келісімшарттар конкурстық негізде және бір көзден болғанда.

Әр мемлекеттік делдал үшін кеңейтілген этикалық сәйкестікке бағалау соңғы бағалау күнінен кемінде жылына бір рет жүргізу қажет.

Сонымен қатар, кеңейтілген этикалық сәйкестікке бағалауды қолданыстағы келісімшарт міндеттері бар мердігер үшін үш жыл сайын кемінде бір рет жүргізу қажет.

Қосымша нұсқауларды этикалық сәйкестікке тексеру процедурасынан табуға болады.

В. Егер контрагент МЛТ болса немесе тікелей немесе жанама, немесе ішінара МЛТ болып есептелсе, нормативтік – құқықтық сәйкестік бөлімінің алдын ала қолдауы қажет болады.

С. Егер контрагент мемлекеттік делдал болса, онда ол өзі қосалқы мердігер ұйымдарына этикалық сәйкестікке тексерулер жүргізу керек. Егер бірінші мердігер тиісті тексеру жүргізбесе, КПО қосалқы мердігерлікке өз келісімін бермейді. Мұндай тексеру КПО-ның келісімі алынғанға дейін жүргізілуі тиіс. Ерекше жағдайларда КПО ұсынылып жатқан қосалқы мердігерге қатысты этикалық сәйкестік бойынша кешенді тексеру жүргізуі мүмкін.

2.3 Тауарлар мен қызметтерді сату үшін тұтынушылармен келісімшарт жасау

Жылдық жалпы табысы 500 000 АҚШ долларынан асатын жағдайда тұтынушыға тауарларды немесе қызметтерді сату үшін адалдықты тексеру тиісті директоратпен/басқармамен жүргізілуі және нормативтік – құқықтық сәйкестікті қамтамаыз ету бөлімі арқылы сұратылуы тиіс:

- Тұтынушының жаңа шотын ашқанға дейін және

- Келісімшартты қайта қарастыру кезінде немесе үш жылда бір рет (ұзақ мерзімді келісімшарттар үшін) қайталанады.

2.4 Артық материалдарды сату туралы келісімшарт жасау

Жылдық жалпы табысы 500 000 АҚШ долларынан асатын жағдайда артық материалдарды сату үшін әр келісімшарт бойынша сатып алушыны адалдыққа тексеру тиісті директоратпен/басқармамен жүргізілуі тиіс.

2.5 Жалға беруші немесе жалға алушы ретінде келісімшарт жасау

Егер КПО жалдаушы болса, 2.1.1 бөліміндегі «Мемлекеттік делдалдармен, мердігерлермен немесе жеткізушілермен келісімшарт жасау» талаптар сақталуы қажет.

2.6 Қаржылық мекемелермен келісімшарт жасау

Қаржылық мекемемен жаңа банктік қызмет немесе қаржылық кеңес беру қызметі келісілген кезде, адалдықты тексеру:

- Нарықты зерттеу және жеткізушілер біліктілігі бөлімі арқылы сұратылуы тиіс; және
- келісімшартты қайта қарастыру кезінде немесе бес жылда бір рет (ұзақ мерзімді келісімшарттар үшін) қайталанады.

2.7 Әлеуметтік инвестициялар, қайырымдылық және демеушілік көрсету үшін келісімшарт жасау

Әлеуметтік инвестициялар (ӨБТК-нің 5-қосымшасында берілгендерді қоса алғанда), қайырымдылық немесе демеушілік көрсету үшін келісімшарт жасау кезінде осындай әлеуметтік инвестициялар, қайырымдылық немесе демеушілік көрсетуге қатысатын бенефициарларды және/немесе басқа тараптарды этикалық сәйкестікке тексеру қажет. Қандай да бір міндеттерді белгілейтін шартқа отырғанға дейін КПО-ның тиісті директораты нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімінен рұқсат алуы тиіс. Әлеуметтік инвестициялар, қайырымдылық немесе демеушілік көрсетуге байланысты қосымша ақпаратты 6-бөлімнен қараңыз.

3. СЫЙЛЫҚТАР МЕН ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІН ҰСЫНУ НЕМЕСЕ АЛУ

Сыйлықтар, сапарлар немесе қонақжайлылықтың басқа формаларын қоса алғанда, тиісті мақсаты жоқ, экономикалық құндылығы бар қандай да бір нәрсені беру немесе алу белгілі бір жағдайларда сыбайлас жемқорлықты білдіруі мүмкін. Сонымен қатар, сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін ұсыну МҚ байланысты мәселелерді туындатуы немесе КПО-ның беделіне өзге жолдармен нұқсан келтіруі мүмкін. Сондай-ақ, КПО есеп кітаптарында және тізілімінде жазылмай және тиісті құжаттарда сақталмаған сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін ұсыну қолданыстағы парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдарына сәйкес КПО компаниясын ықтимал сыбайлас жемқорлық қаупіне ұшыратуы мүмкін.

Төменде осы бөлімде баяндалған жалпы қағидалар нақты жағдайларға қарамастан, барлық ұсынылып және алынып жатқан сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілеріне қатысты.

3.1 Жалпы қағидалар

Әдетте КПО өз қызметкерлеріне іскер серіктестен сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін алуға кеңес бермейді. Алайда КПО шағын сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін кейде қабылдау немесе ұсыну жақсы іскерлік қарым-қатынасқа заңды үлес болуы мүмкін деп санайды. Алайда, барлық сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері осы бөлімнің талаптарына сәйкес келуі тиіс, ал МЛТ ұсынылатын сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері төменде көрсетілгендей қосымша тексерілуі тиіс.

Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері ұсынылып, беріліп немесе алынып жатқанда әділ бақылаушыда, олар алушы өзінің қызмет орнын пайдаланып қиянат жасау үшін оған алғыс білдіруге, ықпал етуге немесе қандай да бір заңсыз артықшылықты алуға бағытталған деген сенім тұмауы тиіс. Қызметкерлер басқа тұлғаларға сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін өз қаражатынан ұсынса да, бұл қағиданы қатаң түрде сақтауы қажет. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін барлық сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері қалай болғанда да:

- a) нақты жағдайларда орынды, тиісті болып, ерікті берілуі және жөнсіз болмауы тиіс;
- b) жалпыға ортақ әлеуметтік немесе этикалық нормаларға және кәсіби этикеттің жалпыға ортақ стандарттарына сай болуы тиіс;
- c) тек жеке емес, заңды іскерлік мақсатта берілуі тиіс;
- d) КПО немесе басқа тарап үшін маңызды қандай да бір коммерциялық, заңды немесе нормативтік шешімге асыра ықпал ету үшін немесе орнына қандай да бір пайда алу мақсатында ұсынылмауы, берілмеуі немесе қабылданбауы тиіс (яғни, өтеулі негізде берілмеуі тиіс);
- e) қолма-қол ақша немесе оның баламасы болмауы тиіс (мысалы, түбіртектер, сыйлық сертификаттары, купондар);
- f) Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін алушыға қатысты жергілікті заңдар мен нормативтік-құқықтық актілеріне, соның ішінде сол жеке тұлға өкілі болатын мемлекеттік немесе жеке ұйымымен қабылданған тәртіп кодексі немесе басқа нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес болуы тиіс.

Іскерлік келіссөздер, дауласу кезінде немесе дискрециялық үкіметтік шешімдерді күту кезінде контрагенттерге сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін ұсынуды немесе олардан оны қабылдауды әділ бақылаушы алушыға ықпал етуге бағытталған сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері ретінде қабылдау мүмкін. Сондықтан, мұндай жағдайларда сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері тек аса қажет жағдайда және Негізгі қағидалар талаптарын сақтағанда ұсынылуы қажет. Сондай-ақ сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімімен кеңескеннен кейін ғана қабылдауға, ұсынуға немесе беруге болады.

Шығындардың іскерлік мақсатын ескере отырып, ұсынылып жатқан сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерінің алушысы объективті критерийлер негізінде таңдалады. Алушының отбасы мүшелері (мысалы, жұбайы) немесе қонақтары нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімінен алдын ала сұратылып, жауап алынған жағдайларды қоспағанда, әдетте сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін алушы қатарына жатпауы тиіс.

3.2 Тыйым салынған сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері

Келесі сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін ұсынуға немесе қабылдауға тыйым салынған:

- КПО немесе кез келген басқа тарап үшін маңызды кез келген коммерциялық, заңды немесе нормативтік шешімдерге қандай да бір пайда алу немесе ықпал ету мақсатында ұсынылған, берілген немесе қабылданған (яғни өтеулі негізде берілген) сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері;
- Жергілікті немесе халықаралық заңдарға сәйкес заңсыз (мысалы, АҚШ-тың шетелдегі сыбайлас жемқорлық туралы заңы, Ұлыбританияның парақорлық туралы заңы);
- Орынсыз;
- Қолма-қол ақша немесе ақша баламалары;

- Қарыздар;
- Жеке қызметтер;
- Іскерлік серіктес болмаған кездегі шаралар/түскі астар;
- Аса маңызды шешім қабылдау кезінде маңызды іскерлік шешімдермен байланысты;
- Сыйлықтарға, тамақтануға, тұрғын жайға, ойын-сауыққа немесе сапар шығындарына балама ретінде ұсынылатын тәуліктік төлемдер (келісімшарт немесе жергілікті билік органдары қаулысымен, және/немесе нормативтік құқықтық сәйкестік бөлімімен келісілген жағдайлардан басқа).

Нормативтік құқықтық сәйкестік бөлімімен келісілмесе, жоғарыда аталған тыйымдарға қоса, келесі сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін ұсынуға немесе қабылдауға тыйым салынған:

- Туризм нысандарында қосымша сапар күндерін немесе жеке сапарлар өткізу;
- Отбасы мүшелерін / қонақтарды бірге алып жүруге кететін шығындар.

3.3 Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін жариялаудың және тіркеудің шектік мәндері

Қызметкерлермен ұсынылатын немесе қабылданатын қандай да бір сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері жалпы қағидаларға сәйкес болуы тиіс. Егер сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері жалпы қағидаларға сәйкес келмесе, қызметкерлер олардан бас тартып, дереу тікелей басшысына хабарлауы тиіс.

Төменгі кестеде сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін беру/қабылдау бойынша тәртіп кодексінің талаптары көрсетілген:

Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерінің жалпы сомасы	Кімге / Кімнен (Контрагент)	Кімге / Кімнен (Мемлекеттік лауазымды тұлға)
50 АҚШ долларына дейін	Ешқандай іс-әрекет талап етілмейді	Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері тізілімінде тіркеу арқылы тікелей басшының және нормативтік – құқықтық сәйкестік бөлімінің келісімі
50 АҚШ доллары және одан асатын	Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері тізілімінде тіркеу арқылы тікелей басшының келісімі	Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері тізілімінде тіркеу арқылы тікелей басшының және нормативтік – құқықтық сәйкестік бөлімінің келісімі
500 АҚШ доллары және одан асатын	Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері тізілімінде тіркеу арқылы тікелей басшының келісімі	Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін тізілімінде тіркеу арқылы Заң директорының/нормативтік – құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімінің және бас директордың келісімі

3.4 Жиынтық сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері

Күнтізбелік жыл ішінде бір контрагентке ұсынылған/қабылданған жиынтық сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері жағдайында, жоғарыда көрсетілген шектік мәндер ұсынылған немесе алынған сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерінің жиынтық мәні негізінде қолданылады.

3.5 Мемлекеттік лауазымды тұлғаларға берілетін сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері

Қай елде болмасын және құны 500 АҚШ доллары немесе одан асатын сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін МЛТ ұсынар алдында, сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін тізілімде тіркеу арқылы нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімімен негізделіп, бас директормен бекітілуі тиіс.

МЛТ берілетін сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілеріне қатысты барлық жазбалар келесіні қамтуы тиіс:

1. ұсынылатын шығыстардың сипаттамасы;
2. егжей-тегжей көрсетілген бюджет;
3. бағдарлама немесе күн тәртібі;
4. МЛТ аты-жөні және нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімімен келісілген ықтимал алушы болып табылатын МЛТ отбасы мүше(лер)інің немесе қонақ(тар)ының аты-жөні;
5. мемлекеттік қызметкердің КПО-мен қатынасы немесе жоспарланып жатқан қандай да бір қатынастың сипаттамасы, әсіресе егер МЛТ КПО қызметіне ықпал ететін қандай да бір шешім қабылдауда қатысса;
6. әділ бақылаушының шығындарды орынсыз іскерлік артықшылық алуға бағытталған деп қабылдауы мүмкін кез келген фактілер немесе «қызыл жалаушалар»; және
7. шығындардың коммерциялық негіздері.

Нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімі күнтізбелік жылдағы сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерінің мониторингін жүргізеді. Белгілі бір үшінші тарапқа сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерінің жиынтық сомасы 500 АҚШ долларынан асатын болса, бұл туралы тиісті директораттар/басқармалар хабарланатын болады, және сомасы 500 АҚШ доллары немесе одан асатын сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері бойынша процедура талаптары сақталуы қажет.

3.6 Қазақстан Республикасындағы МЛТ берілетін сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері

Қазақстан Республикасында МЛТ сыйлық беру үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін, демек КПО компаниясы да мұны мақұлдамайды. Барлық ерекше жағдайлар Заң директорымен/нормативтік құқықтық сәйкестік бөлімімен және қажет болған жағдайда бас директормен талқыланып, келісілуі тиіс.

3.7 Ақсай немесе КПО-ның басқа кеңселерінде/нысандарында тамақтану және тасымалдау қызметтерін ұсыну

Тексерулерге және/немесе басқа да ведомстволық қызметтерге (компания нысандарына баруды қосқанда) жұмылдырылған МЛТ ұсынылған Ақсай қ. КПО аумағындағы (мысалы, Чех қалашығы және кен орны) асханада тамақтану және Ақсай қаласында тасымалдау қызметін көрсету МЛТ ұсынылған сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері болып қарастырылады, және оларды жоғарыда 3.3-бөлімінде көрсетілгендей шекті мәндерге сәйкес сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерінің тізіліміне енгізу арқылы нормативтік құқықтық сәйкестік бөлімімен тіркеу керек.

3.8 Тіркеу жазбалары

Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін бекітуге қатысты және Тізілімнен тыс барлық құжаттар тіркеу жазбасы ретінде сақталуы тиіс.

4. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ (МҚ)

4.1 Негізгі қағидалар

МҚ туындату мүмкін жағдайлардан аулақ болу қажет. Болжамды, ықтимал немесе нақты МҚ орын алғанда, басшылық тиісті шараларды қабылдау үшін оларды мүдделер қақтығысы тізілімінде тіркеу қажет.

МҚ қызметтік міндеттерді орындаудың және (немесе) шешім қабылдаудың әділдігіне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін факторлар болған кезде пайда болады. МҚ міндетті түрде тек қана этикалық емес немесе заңсыз әрекеттерге әкелмейді.

Қызметкерлердің МҚ туындататын жағдайлардан, соның ішінде қызметкерлердің шешім қабылдауына орынсыз әсер етуі мүмкін ықтимал не болжамды МҚ аулақ болуы қажет.

МҚ жағдайлары қызметкерлерге немесе КПО-ға зиян келтіруі мүмкін. Ықтимал не болжамды МҚ, ол туралы КПО-ға толық мәлімделген кейбір жағдайлары, қауіп-қатерлер деңгейін төмендету бойынша тиісті шаралар келісілген және іске асырылған шартымен КПО үшін жарамды болуы мүмкін.

Персонал қатарындағы қызметкер өзіне қатысты нақты МҚ бар мәселелер бойынша шешім қабылдай алмайды.

МҚ немесе оның белгілері пайда болуы мүмкін барлық жағдайларды немесе қатынастарды тізімдеу мүмкін емес, сондықтан әрбір жеке жағдайды бағалау қажет.

КПО бас директоры, директорлар мен басқарушылар келесілерді қамтамасыз етуге тиіс:

1. Қызметкерлердің мүдделер қақтығысы тізілімінде кез келген болжамды, ықтимал немесе нақты МҚ тіркеу қажеттілігі туралы хабардар болуы;
2. Қызметкерлердің тікелей басшылары болжамды немесе ықтимал МҚ салдарын бәсеңдетуге қажетті кез келген әрекетерді келістіреді және оны мүдделер қақтығысының тізіліміне тіркейді;
3. Кез келген болжамды, ықтимал немесе нақты МҚ туралы ақпарат кеңес алу үшін нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөліміне жолданады.

4.2 Жұмысқа алу бойынша арнайы ережелер

МЛТ, бұрынғы МЛТ жұмысқа алу ықтимал парақорлықты білдіретін қызмет немесе басымдылық ретінде қарастырылуы мүмкін, және/немесе ықтимал, болжамды немесе нақты МҚ тудыруы мүмкін. Мұндай МҚ жеке тұлғаның шешім қабылдауына кері ықпал етуі, немесе ол адамның және КПО-ның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. Дәл осындай логика КПО-ның жоғары буын басшысының үлестес тұлғасын жұмысқа алған кезде де қолданылады.

Кез келген ықтимал қызметкерді (тағылымдамадан өтушілерді қоса алғанда) немесе КПО-ға іссапарға жіберілген қызметкерді жұмысқа алу процесінің бастапқы кезеңінде кадрларды іріктеу жөніндегі маман бұл үміткердің МЛТ, бұрынғы МЛТ еместігін, сондай-ақ оның КПО-да қандай да бір үлестес тұлғасының бар-жоғын анықтауы тиіс. Егер үміткер жоғарыда аталғандардың бірі болып анықталса, онда оның мәртебесі жұмысқа алу нәтижесіне ықпал ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдайлардың алдын алу мақсатында жұмысқа қабылдау сұхбатын бұл үміткердің МЛТ екенін, бұрынғы МЛТ екенін білмейтін, немесе әділ сұхбат алушылар жүргізуі тиіс.

Егер үміткер МЛТ, бұрынғы МЛТ болса, немесе оның КПО-да үлестес тұлғасы бар болса, онда жұмысқа алу кезінде кадрларды іріктеу жөніндегі маман мен бөлім бастығы бұл туралы еңбек ресурстары басқарушысына хабарлау керек, ол өз кезегінде нормативтік-

құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөліміне келісім алуға жүгінеді. Егер келісім берілмесе, жұмысқа алу, іссапарға жіберу немесе тағылымдамадан өткізу туралы ұсыныс берілмеуі тиіс.

Ал егерде ол жұмысқа қабылданған болса, онда кадрларды іріктеу жөніндегі маман бұл туралы дереу кадрларды іріктеу бөлімінің бастығына хабарлауы тиіс. Егер кез келген, іріктеуден сәтті өткен үміткердің МҚ болса, ол оны өз қызметтік міндеттерін орындап бастағанда мүдделер қақтығысының тізілімінде тіркеуі тиіс.

5. РЕСМИЛІКТІ ЖЕҢІЛДЕТУГЕ АРНАЛҒАН ТӨЛЕМДЕР

Ресмилікті жеңілдету мақсатында жасалатын төлемдер – пара беру болып саналады, сондықтан оларға тыйым салынған.

Егер ресмилікті жеңілдету үшін төлем сұралған болса:

1. Дереву нормативтік-құқықтық сәйкестік бөліміне немесе КПО-ның заң бөліміне осы жағдай мен қабылданған іс-әрекеттер туралы хабарлау қажет; немесе
2. Бұл оқиға туралы дереу КПО жедел желісі арқылы хабарлау қажет;

Адам өміріне, денсаулығына немесе қауіпсіздігіне сөзсіз қауіп төнетініне кәміл сенімі болған кезде жасалған төлем ресмилікті жеңілдету үшін жасалған төлемге жатпайды, алайда, жоғарыда айтылғандай, оны мәлімдеу және тіркеу қажет.

Заңда қарастырылған қызметтер үшін төлем ресмилікті жеңілдету үшін жасалатын төлем болып табылмайды.

Ресмилікті жеңілдету үшін жасалатын төлем - бұл (әдетте төменгі шендегі) МЛТ, оның әдеттегі әкімшілік міндеттерінің орындалуын тездету немесе кепілдік ету үшін берілетін азғантай төлем, алайда ол ресми түрде төленетін мөлшерден артық болып келеді.

КПО ресмилікті жеңілдету үшін берілетін төлемдерге тыйым салады және бұл Қазақстан Республикасымен қоса, көптеген юрисдикцияларда заңсыз болып табылады.

Үкіметпен жарияланған тарифтер бойынша мемлекетпен басқарылатын шотқа төлеп, соған ресми түбіртек берілетін әдеттегі мемлекеттік қызметтерді шұғыл ресімдеу ресмилікті жеңілдету үшін берілген төлемақы болып саналмайды

6. ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Әлеуметтік қажеттіліктерге, қайырымдылық және демеушілік қорларын қаржыландыру еш жағдайда шаруашылық қызмет нәтижелеріне теріс ықпал етпеуі тиіс.

Әлеуметтік инвестициялар, қайырымдылық және демеушілік жәрдемдер парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың, әсіресе сыртқы тараптармен қарым-қатынас кезіндегі белгілі бір қауіп-қатерлерімен байланысты. Бұл қауіп-қатерлер осы Нұсқаулықтың 2.1 бөліміне сәйкес этикалық сәйкестікке тексерілу арқылы анықталуы, және мұндай қаржыландыру ешқашан шаруашылық қызмет нәтижелеріне орынсыз ықпал етпейтініне кепілдік алу үшін үшінші тараптың өтініштерін қарастыру кезінде төмендетілуі қажет.

Кез келген мақұлданған әлеуметтік инвестициялар, қайырымдылық немесе демеушілік көмек қандай да бір жеке тұлғаға емес, ұйымның пайдасына берілуі керек. МЛТ қатысқан әлеуметтік инвестицияларды, қайырымдылықтарды немесе демеушіліктерді қаржыландыру (төмендегі ерекше жағдайларға жатпайтын) белгіленген тәртіппен тіркеу жазбаларын мақұлдау және сақтау процедураларына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Қандай да бір қаражатты ұсынбас немесе бөлмес бұрын, тиісті КПО тиісті директоры/басқармасы:

1. Ұсынылған алушының заңды ұйым екендігіне көз жеткізуі тиіс;

2. МЛТ қатысы бар-жоғын анықтауы тиіс (мысалы, МЛТ қайырымдылық немесе демеушілік жасауды сұрады; МЛТ қайырымдылық немесе демеушілік алушымен қандай да бір байланысы бар); егер МЛТ қатысты болмағаны расталса, мұны растайтын тиісті этикалық сәйкестікке тексеру нәтижелері тіркеу жазбасы ретінде сақталуы тиіс.
3. Этикалық сәйкестікке тексеру барысында анықталған барлық «қызыл жалаушалар» жойылғанына көз жеткізу; және
4. Егер қаражат шынымен әлеуметтік инвестицияларға арналған болса, әлеуметтік инвестицияларға тиісті талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік инвестицияларға жауапты бөлімге хабарласу қажет.

Егер МЛТ қатысы бар екені анықталса, жоғарыдағыларға қосымша келесі шаралар қабылдануы қажет:

5. Нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша бөлім тарапынан қолдау алу үшін келесідей ақпаратты қамтитын меморандум немесе жалпы меморандум жасалады (бірнеше жобаны қамтитын әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы жағдайында):
 - a. болжамды шығындардың сипаттамасы;
 - b. егжей-тегжей көрсетілген бюджет;
 - c. қаражат көзделген ұйымның атауы;
 - d. МЛТ аты-жөні және, мүмкіндігінше, МЛТ кез келген отбасы мүше(лер)сінің аты-жөні;
 - e. МЛТ КПО-мен бар немесе болуы ықтимал қандай да бір өзара әрекеттесудің сипаттамасы, әсіресе, егер МЛТ КПО-ға ықпал етуі мүмкін қандай да бір шешім қабылдауға қатысатын болса;
 - f. әділ бақылаушыға мұндай қаражатты орынсыз іскерлік пайда алу мақсатындағы іс-әрекет ретінде қарастыруға негіз бере алатын қандай да бір фактілер; және
 - g. шығындардың коммерциялық негіздемесі.
6. Ақшалай қаражатты беруге рұқсатты өкілеттік бойынша нұсқаулыққа сәйкес тиісті өкілеттік деңгейі бар бөлім бастығы береді;
7. Парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимылға қатысты ережелер қолданыстағы келісімшартқа енгізілген, немесе келісімшарт болмаған жағдайда, нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша бөлімнің ұсынымдарына сәйкес парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимылдардағы әлеуметтік инвестициялар туралы тиісті ережелерге қол қойылады.
8. Қаржыландыруға қатысты барлық құжаттар тіркеу жазбалары ретінде сақталуы тиіс.

7. САЯСИ ТӨЛЕМДЕР ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІРЛЕСТІКТЕР

КПО-ның бизнес қағидаларында және тәртіп кодексінде көрсетілгендей, КПО немесе КПО қаражатын пайдаланып, кәсіптік бірлестіктер ешқашан саяси төлемдерді немесе «ақшалай емес салымдарды» жасамау керек. КПО компаниясы партиялық саясатқа қатыспау керек.

Кәсіптік бірлестіктерден КПО қаражаты немесе ресурстары тікелей немесе делдалдар арқылы саяси партияларға, саяси ұйымдарға немесе олардың өкілдеріне қайырымдылық жасауға пайдаланылмайтындығы бойынша растау сұратылуы қажет.

Егер бұл талап орындалмаса, қосылу кезеңіне өтпес бұрын нормативтік-құқықтық сәйкестік бөліміне хабарласу қажет.

«Ақшалай емес салымдар» деп жіктелген саяси төлемдер, атап айтқанда митингілер, науқандар, сайлау немесе саяси сөз сөйлеулер сияқты саяси қызметпен байланысты іс-шараларға компания нысандарын, ресурстарды, қаражатты немесе орынжайларды пайдалануға тыйым салынған. Егер мұндай сұратулар мемлекеттік басқару органдарынан, саяси партиялардан, ұйымдардан немесе олардың өкілдерінен түссе, нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімімен кеңесу қажет.

Кәсіптік бірлестіктерге мүшелік туралы ақпарат мүдделер қақтығысы тізілімдемесінде тіркелуі тиіс.

Үкіметтік мекемелермен өзара қарым-қатынас жасау бөлімі мүдделік қолдау мақсатында төлемдерді жүзеге асырған компанияларды немесе өзге де компанияларды анықтау үшін жыл сайын келесі кезеңге мерзімді ұзарту шеңберінде кәсіптік бірлестіктердің мүшелері құрамының тізімін қайта қарайды. Егер бірлестік мүдделік қолдау қызметіне байланысты төлемдерді жүзеге асырушы ретінде анықталған болса, мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас жасау бөлімінің рөлі бұл мәселені тиісті шараларды қабылдау кезінде қолдау алу үшін нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша бөліміне жолдау.

8. ОҚИҒАЛАРДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ТУЫНДАҒАН МӘСЕЛЕНІ ХАБАРЛАУ

КПО тәртіп кодексінің немесе заңнаманың ережелерін бұзу туралы барлық хабарламаларды тексеруге міндетті. КПО-да қабылданған ішкі тергеу процедурасы тәртіп кодексіне байланысты барлық оқиғалар тиісті түрде тіркелетініне және КПО-да қолданылатын тергеу қағидаларына сәйкес қаралатынына кепілдік береді.

Барлық айыптаулар нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімінің нормативтік-құқықтық сәйкестіктің бұзылуын тергеу жөніндегі тобымен және/немесе кадрлар бөлімімен құпия, риясыз және уақтылы қаралатын болады. КПО тәртіп кодексін бұзу туралы хабарлаған қызметкерлерді қудалаудан қорғайды.

Егер сізге үшінші тараптың КПО-мен жасалған келісімшартына байланысты жемқорлық төлем жасағандығы немесе жасайтыны туралы мәлім болса немесе күдіктенсеңіз, немесе сізде ықтимал ақшаны жылыстатуға немесе осы Нұсқаулықтың талаптарын бұзуға күдіктер пайда болса (КПО немесе КПО атынан немесе үшінші тараптың атынан әрекет ететін кез келген тұлға), осы бұзушылық туралы дереу нормативтік-құқықтық сәйкестік бөліміне немесе КПО құпия жедел желісіне хабарлаңыз.

Заңсыз әрекет туралы ақпаратты жасыру жеке тұлға үшін де, КПО үшін де қылмыстық жауапкершілікке тартылуға себеп болуы мүмкін.

Ешқандай жағдайда жеке тұлға субъектіге өз күдіктері туралы айтпауы керек немесе өз бетімен тергеу жүргізбеуі керек, өйткені бұл тергеудің жүруіне кедергі келтіруі мүмкін және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңды бұзу болып табылады.

9. ОҚЫТУ

Өзінің функционалдық міндеттерін парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және/немесе ақшаны жылыстатуға ұшырау қауіп-қатері бар жағдайларда орындайтын қызметкерлер КПО-ның «Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және/немесе «Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл» бағдарламалары бойынша тиісті оқытудан өтуге міндетті.

Компания қызметкерлері өтуге міндетті «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және/немесе «Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл» бағдарламалары бойынша оқыту

курсын таңдау олардың рөлдеріне қатысты қауіп-қатер деңгейіне байланысты болады. Қауіп-қатер деңгейіне байланысты нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімі КПО бас директорымен, директорлармен немесе басқарушылармен келісе отырып, қызметкерлерді қашықтан немесе жеке оқу курстарынан өтуге ұсынады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бағдарламасы бойынша жеке оқыту жеке байланыс арқылы немесе онлайн режимінде жүргізілуі мүмкін.

Сонымен қатар, басқарушылық лауазымдардағы қызметкерлерге (КПО бас директоры, директорлар мен басқарушылар, сондай-ақ тікелей немесе тікелей емес қарамағындағы басқа менеджерлер), әр рөлдің жеке функционалдық ерекшеліктеріне сәйкес «Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бағдарламасы бойынша қосымша оқыту ұйымдастырылуы мүмкін.

КПО-ның бас директоры, директорлары немесе басқарушылары:

- Нормативтік-құқықтық сәйкестік бөліміне «қауіп-қатерлер тобында» тұрған рөлдерді анықтауға және осы қызметкерлерді «Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және/немесе «Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл» бағдарламалары бойынша оқудан өтуге тағайындауға жәрдемдесуге;
- Белгіленген мерзімде тағайындалған қызметкерлердің оқу курсынан өтуін қамтамасыз етуге; және
- Еңбек ресурстары бөлімімен келісілген салдарларды басқару бойынша шараларды қоса алғанда, қажетті оқытудан өтпеген қызметкерлерге қатысты тиісті шаралар қолдануға міндетті.

10. НЕГІЗГІ РӨЛДЕР МЕН МІНДЕТТЕР

КПО бас директоры, директорлары және басқарушылар:

- тиісті директораттарда/басқармаларда нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша негізгі құқықтық және этикалық қауіп-қатерлерді анықтайды;
- қауіп-қатерлерге бағалау және мониторинг жасайды; кез келген өзгерістер туралы хабарлайды; сондай-ақ тиісті бизнес-жоспарларды, талқылауларды және өндірістік қызметті қарастыруды қамтамасыз етеді;
- «Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және/немесе «Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл» бағдарламаларының талаптарын бақылауды жүзеге асырады және хабардар етеді;
- барлық қызметкерлердің осы Нұсқаулықтың талаптарын орындауын қамтамасыз етеді.

Нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімінің қызметкерлері:

- тиісті директораттар/басқармаларда парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және/немесе ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимылмен байланысты шараларды қолдайды және бақылайды;
- парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және/немесе ақшаны жылыстатуға ұшыраудың жалпы қауіп-қатер деңгейін анықтау және бағалау үшін директораттармен/басқармалармен бірлесіп жұмыс істейді;
- парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға ұшырау қауіп-қатерінің ықтималдығы болған жағдайларда өзінің функционалдық міндеттерін орындайтын қызметкерлерді анықтау және осы қызметкерлерді «Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және/немесе «Ақшаны

жылыстатуға қарсы іс-қимыл» бағдарламалары бойынша оқудан өтуге тағайындауға жәрдемдесу үшін директораттармен/басқармалармен бірлесіп жұмыс істейді;

- қауіп-қатерлерді, сондай-ақ парақорлықпен, сыбайлас жемқорлықпен және ақшаны жылыстатумен байланысты қауіп-қатерлер салдарын азайту үшін құқықтық және этикалық талаптарды айқындайды және олардың қажеттілігіне қарай осы Нұсқаулыққа енгізілуін қамтамасыз етеді;
- меморандумдарды осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес қолдайды;
- «Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және/немесе «Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл» бағдарламалары бойынша оқу курстары үшін материалдар ұсынады, тиісті заңнамадағы өзгерістерге шолу жасайды және жүргізілген зерттеулер негізінде оқу курстарының мазмұнына өзгерістер енгізеді; және
- парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимылға қатысты құқықтық мәселелер бойынша директораттарға/басқармаларға және заң қоғамдастығына мемлекеттік деңгейде кеңес береді.